

"Жамбыл облысында тауарлық және сұйытылған мұнай газын тұтыну нормаларын бекіту" Жамбыл облысы әкімдігінің 2020 жылғы 30 қаңтардағы № 9 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Жамбыл облысы әкімдігінің 2025 жылғы 21 қарашадағы № 234 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 28 қарашада № 37501 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 27-бабына сәйкес Жамбыл облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Жамбыл облысында тауарлық және сұйытылған мұнай газын тұтыну нормаларын бекіту туралы" Жамбыл облысы әкімдігінің 2020 жылғы 30 қаңтардағы № 9 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4503 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. "Жамбыл облысы әкімдігінің энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулының мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы қаулының Жамбыл облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жамбыл облысының әкімі

Е. Карашукеев